

Тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 22 қаңтардағы № 1 шешімі.
Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 23 ақпанда № 9-17-93 тіркелді

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасын басшылыққа алып **ШЕШТІМ:**

1. 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарын "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Сарыкөл кентінде шақыру пункті ұйымдастырылсын.

3. "Сарыкөл орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның бас дәрігеріне (келісім бойынша) "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірлесіп тіркеу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуге кепілдеме берілсін.

4. "Сарыкөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) әскерге шақыру учаскесіне жасөспірімдерді тіркеу кезінде әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды жүзеге асырсын.

5. Ауылдық округтердің және Сарыкөл кентінің әкімдері "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру учаскесіне тіркеуден өту үшін жасөспірімдердің уақытылы келуін және әскер жасына дейінгілерді әскери есепке қабылдауға көмекті қамтамасыз етсін.

6. "Сарыкөл ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуге байланысты іс-шараларының қаржыландырылуын "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шығыс сметасында ескерілген қаржы бөлу есебінен жүзеге асырсын.

7. "Қазақстан Республикасының 1993 жылы туған еркек жынысты азаматтарын 2010 жылы әскерге шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" Сарыкөл ауданы әкімінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 16 шешімі жойылсын.

8. Осы шешімінің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С.М. Дүтпаева жүктелсін.

9. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыкөл ауданының әкімі

Қ. Ғабдулин

КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы Сарыкөл ауданының
қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің (ММ) бастығы
----- Т. Өтегенов

2010.01.22

"Сарыкөл ауданының ішкі
істер бөлімі" ММ бастығы
----- Т. Қиакбаев

2010.01.22

"Сарыкөл орталық аудандық
ауруханасы" коммуналдық
қазыналық кәсіпорынның бас дәрігері
----- Ж. Құсаинов

2010.01.22